Қазақстан бұрынғы одақтас республикалар арасынан бірінші болып Президент лауазымын енгізген мемлекет. 1990 ж. 24 сәуірде тұңғыш рет демократиялық негізде балама сайлауда сайланған Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі өзінің бірінші жұмыс күнінде «Қазақ КСР-де Президент лауазымын енгізу және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңы) өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын қабылдап, осы лауазымға Н.Ә. Назарбаевты сайлады. Қазақстанда президенттік институттың енгізілуі жас егемен мемлекеттің саяси табыстарға жетуінің шешуші қадамы болды.

1991 ж. желтоқсанда өткен Қазақстан тарихындағы алғашқы жалпыхалықтық президент сайлауы – биліктің жаңа мемлекеттік құрылымдары мен институттарын қалыптастыру жолындағы маңызды оқиға болды. Республика территориясы бойынша құрылған 21 сайлау учаскелерінің тізіміне 9961 242 азамат тіркелді. Оның 8778726 адамы, яғни 88,23%-ы сайлауға қатысты. Құпия дауыс беру үшін сайлау бюллетеніне Қазақ КСР-нің Президентігіне үміткер Н.Ә. Назарбаев пен Қазақ КСР-нің Вице-президентігіне үміткер Е.М. Асанбаев енгізілді. Сайлау қорытындылары бойынша Н.Ә. Назарбаевқа 8681276 адам немесе сайлауға қатысқандардың 98,78%-ы дауыс берді.

Тәуелсіз мемлекеттің жаңа саяси жүйесіндегі жоғары лауазымды Н.Ә. Назарбаевқа мемлекеттің құрылуының қиын кезеңдерінде бір ауыздан сеніп табыстауы Қазақстан халқының жоғары сенімінің белгісі еді.

1991 ж. 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ант қабылдау рәсімі болды. Салтанатты рәсімге КСРО халық депутаттары, Республика Кеңесі мен үкімет мүшелері, министрстволар мен ведомстволар, облыс басшылары қатысты.

Конституцияға сәйкес Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің Антын қабылдады және Ант беруге арналған сөзін сөйледі. Негізі бұл, шешуші бағытты айқындаған, кейінгі жылдары еліміздің даму жолына айналған және Тәуелсіз Қазақстанды бүкіл әлемнің мойындауына негіз болған стратегиялық бағдарлама болды. Қазіргі

Қазақстандағы президенттік институт – саяси табыстардағы және стратегиялық дамудағы айқындаушы негіз болып табылатын қалыптасқан мемлекет.

ҚР ПА. 7-қ. 1-т. 168 іс. 1–2 б.; Нурсултан Назарбаев. Биография/ М. Б. Касымбеков. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012 – 128 б.

25 лет со дня проведения Первых всенародных выборов в Президенты Казахстана

Казахстан стал первой союзной республикой, учредившей пост Президента. 24 апреля 1990 г. Верховный Совет Казахстана, впервые, избранный на демократической основе, в ходе альтернативных выборов, в первый день своей работы принял Закон «Об учреждении поста Президента Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (Основной Закон) Казахской ССР и избрал на эту должность Н.А. Назарбаева. Введение института президентства в Казахстане стало решающим шагом политического успеха молодого суверенного государства.

Важнейшей вехой на пути формирования новых структур и институтов власти стали первые в истории Казахстана всенародные выборы Президента страны, состоявшиеся 1 декабря 1991 г. В списки избирателей по 21 избирательному округу, образованному на территории республики, были включены 9 961 242 гражданина. Из них в голосовании приняли участие 8 778 726 человек, или 88,23%. В избирательный бюллетень для тайного голосования были включены кандидат в Президенты Казахской ССР Н.А. Назарбаев и кандидат в вице-президенты Казахской ССР Е.М. Асанбаев. По итогам выборов за Н.А. Назарбаева проголосовали 8 681 276 избирателей, или 98,78% от числа принявших участие в голосовании.

Это было знаком высокого доверия Н.А. Назарбаеву народа Казахстана, единодушно вверившего ему высший пост в новой политической системе независимого государства на начальном, самом сложном этапе его строительства.

10 декабря 1991 г. состоялось инаугурация Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. В торжественной церемонии приняли участие народные депутаты СССР, члены Совета Республики и правительства, руководители министерств и ведомств, руководители областей и т. д.

В соответствии с Конституцией, Н.А. Назарбаев принес Присягу Президента Республики Казахстан и выступил с инаугурационной речью. По сути, это была стратегическая программа, определившая ключевые контуры, в которых в последующие годы и развивалась наша страна, и благодаря которым Независимый Казахстан признали во всем мире. Сегодня Казахстан – состоявшееся государство, где институт президентства – мощный скреп его политического успеха и стратегического развития.

АП РК. Ф.7. Оп.1. Д.168. Л.1–2; Нурсултан Назарбаев. Биография/ М.Б. Касымбеков. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012 – 128 с.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығы

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы конституциялық актісі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы болды. Ол Қазақстанның дербес конституциялық заңнамасының қалыптасуының алғышартына айналды.

Қазақ КСР-нің мемлекеттік өкімет органдары Декларация қабылданғанға дейін КСРО мемлекеттік өкімет органдарының құрамдас бөлігі болды. КСРО Жоғарғы Кеңесінен бастап ауылдық Кеңестерге дейінгі Кеңестердің барлық буындары мемлекеттік өкіметтің бірыңғай жүйесін құрады. Декларация бойынша Қазақстан республикадағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа қатысты барлық шешімдер шығаруға құқылы болып, мемлекеттік басқару сатыларын құрудағы дербестікті де білдірді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Президентіне бағынатын және солардың бақылауында болатын өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын ұстау құқығына ие болды. Декларацияның келтірілген ережелері оның Қазақстанда социалистік мемлекеттік машинаны ығыстыруға және дербес, егемен Қазақстан мемлекетін құруға жол ашты.

Белгілі тамыз оқиғаларынан кейін, 1991 ж. басында үш республика басшылары: Ресейдің – Б. Ельцин, Украинаның – Л. Кравчук және Беларусьтің – С. Шушкевич 1922 ж. одақтық келісімнің күшінің жойылуы туралы Беловеж келісіміне қол қойды. Заңды түрдегі КСРО-ның ыдырауы 1991 жылдың 10 желтоқсанға сай келді. Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР-ін Қазақстан Республикасы деп атауын өзгерту туралы шешім қабылдап, 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады.

Еліміздің тарихында жаңа кезең басталды. Конституциялық Заң бойынша Қазақстан Республикасы бұдан ары тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің барлық қарым-қатынастарын халықаралық құқық негіздеріне сүйене отырып, жасайтын болды. Алғаш рет бірыңғай азаматтық жүйесі енгізілді. Декларация бойынша меншіктің сан алуандығы, мемлекеттік биліктің заң шығару, атқару және сот билігіне бөлінуі заңдастырылып, мемлекеттің өз қаржы-кредиттік, салық және кеден саясатына негізделген дербес экономикалық жүйесі айқындалды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен аумақтық біртұтастығын қорғау мақсатында Конституциялық Заңмен өзінің Қарулы күштерін қалыптастыру да көзделді. Конституцияны сақтаудың жоғарғы сот органы болып Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты анықталуы да жаңалық ретінде қарастырылды.

Конституциялық Заң қабылдана сала, Қазақстанды көптеген әлем мемлекеттері жаһандық қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде мойындады. Халықаралық байланыс орнатуға барлық халықаралық-құқықтық механизмдері құрылды, республика аймақтық және әлемдік деңгейдегі мәселелерді шешуде дауыс беру құқығына ие болды.

Қазіргі таңда Қазақстанның халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің нығаюына қосқан үлесі мен жеткен жетістіктері ешкімнің күмәнін туғызбайды. ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жүргізіп отырған Қазақстанның көпжақты ынтымақтастыққа бағытталған сыртқы саясаты Қазақстанды әлемдік қауымдастықтың толыққанды және маңызды мүшесі болуын қамтамасыз етті.

ҚР ПМ. 7-қ. 1-т. 374-іс; 387-іс; Қазақстан тарихы, 5-т. – Алматы; «Атамұра», 2010. – 119–122-б.

25-летие Независимости Республики Казахстан

Первым конституционным актом независимости страны стала Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. Она положила начало формированию самостоятельного конституционного законодательства Казахстана.

Органы государственной власти Казахской ССР до принятия Декларации были составной частью органов государственной власти СССР. И все звенья органов советской

власти, от Верховного Совета СССР до сельских Советов, составляли единую систему государственной власти. Декларация же дала Казахстану право самому решать все вопросы, связанные с политическим, экономическим, социальным и национально-культурным строительством в республике. Это же касалось и формирования звеньев самостоятельности в государственном управлении. Казахстан получал право на собственные внутренние войска, органы государственной безопасности и внутренних дел, подчиненные и подконтрольные Верховному Совету и Президенту Казахской ССР. Декларация положила начало слову социалистической государственной машины в Казахстане и образованию самостоятельного, суверенного государства Казахстан.

После известных августовских событий в начале декабря 1991 г. лидеры трех республик: России – Б. Ельцин, Украины – Л. Кравчук и Беларуси – С. Шушкевич подписали Беловежское соглашение о денонсации союзного договора 1922 г. Распад СССР был юридически оформлен 10 декабря 1991 г. Верховный Совет принял решение о переименовании Казахской ССР в Республику Казахстан, а 16 декабря 1991 г. Верховный Совет принял Конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан».

Начался новый этап в истории страны. Конституционный Закон однозначно закрепил, что Республика Казахстан отныне строит свои взаимоотношения со всеми государствами на принципах международного права, как и подобает независимому государству. Впервые было установлено единое гражданство. Узаконивалось провозглашенное Декларацией многообразие форм собственности, принцип разделения государственной власти на законодательную, исполнительную и судебную, закреплялся курс государства на самостоятельную экономическую систему со своей финансово-кредитной, налоговой и таможенной политикой. Для защиты независимости и территориальной целостности Республики Казахстан Конституционный Закон также впервые предусматривал создание собственных Вооруженных сил. Новым явилось и то, что высшим органом судебной защиты Конституции признавался Конституционный Суд Республики Казахстан.

Сразу же после принятия Конституционного закона Казахстан был признан многими государствами мира как полноценный член мирового сообщества. Были созданы все необходимые международно-правовые механизмы сотрудничества, республика приобрела право голоса в решении вопросов регионального и глобального характера.

Сегодня успехи и вклад Казахстана в укрепление международного мира и безопасности не вызывают сомнений. Реализация многовекторной внешней политики Первого Президента РК Нурсултана Назарбаева позволила Казахстану стать полноправным и весомым игроком на мировой арене.

АП РК. Ф.7. Оп.1. Д.374; Д.387; История Казахстана, Т.5. – Алматы, «Атамұра», 2010. – С.119–122.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы туралы Алматы Декларациясына қол қойылғанына 25 жыл

1991 ж. 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен Алматы қаласында бұрынғы кеңестік республикалардың басшылары бас қосты және Кеңестің Социалистік Республикалар Одағының ресми түрде өміріні тоқтатқан және де Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын дүниеге әкелген Алматы Декларациясына қол қойды.

Алайда ТМД-ның әлемнің саяси картасына пайда болуына күрделі оқиғалар алғышарт болды. 1991 ж. 8 желтоқсанда Ресей басшысы Б.Н. Ельцин, Беларусь басшысы С.С. Шушкевич және Украина басшысы Л.М. Кравчук Беловеж орманында ТМД-ның құрылуы туралы Келісім жасаған болатын. Орта Азия мен Закавказья республикалары бұл оқиғаны сақтықпен қарап, оны славян республикаларының мемлекетаралық бірігуі ретінде қабылдады. Осыған байланысты бес Орталық Азия республикалар басшылары шұғыл түрде 13 желтоқсанда Түркіменстан астанасы

Ашхабадта жиналып, өзіндік қарсылық ретінде ортаазиялық мемлекеттер одағын құру мүмкіндіктерін қарастырды. Өз әріптестерін Достастыққа қосылуға сендірген Қазақстан басшысының абыройының арқасында ғана оқиғалардың тайталастық желіде өрбуіне жол берілмеді.

Осылайша Нұрсұлтан Назарбаев өз елі көп күткен тәуелсіздікке қол жеткізу мен Қазақстанның көпғасырлық тарихындағы жаңа дәуірін бастау алуындағы дәуірлік міндетін орындады.

ҚР ПМ. 7-қ. 1-т. 374-іс. 1–26-б.; 387-іс, 1–124; 391-іс, 1–143-б.; Нурсұлтан Назарбаев. Биография / М. Б. Касымбеков. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012 – С.132, 133

25 лет со дня подписания Алма-Атинской Декларации о создании Содружества Независимых Государств

21 декабря 1991 г. по инициативе Президента Казахстана в городе Алма-Ате собрались руководители 11 бывших советских республик и подписали известную Алма-Атинскую декларацию, провозгласившую де-юре конец Союза Советских Социалистических Республик и создание Содружества Независимых Государств.

Однако появлению СНГ на политической карте мира предшествовали драматические события. 8 декабря 1991 г. главы России Б.Н. Ельцин, Беларуси С.С. Шушкевич и Украины Л.М. Кравчук в одностороннем порядке подписали в Беловежской пуще Соглашение о создании СНГ. В республиках Центральной Азии и Закавказья многие отнеслись к этому факту крайне настороженно и восприняли как попытку учреждения межгосударственного объединения славянских республик. В этой связи лидеры пяти центральноазиатских государств, оперативно собравшиеся 13 декабря в столице Туркменистана г. Ашхабаде, в качестве своеобразного противовеса рассматривали возможность образования союза центральноазиатских государств. И только благодаря авторитету казахстанского лидера, сумевшего убедить своих коллег присоединиться к Содружеству, развитие событий не пошло по этому конфронтационному сценарию.

Так Нурсұлтан Назарбаев выполнил эпохальную миссию, добившись для своей республики долгожданной независимости и открыв новую эру в многовековой истории родного Казахстана.

АП РК. Ф.7. Оп.1. Д.374. Л.1–26; Д.387. Л.1–124; Д.391. Л.1–143; Нурсұлтан Назарбаев. Биография / М.Б. Касымбеков. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012 – С. 132, 133



**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының өмірге келуі. 1991 ж.
Рождение Содружества Независимых Государств. 1991 г.**

**10 лет со дня выхода первого номера
«Бюллетеня Архива Президента Республики Казахстан»**

Исполнилось 10 лет со дня выпуска в мае 2006 г. первого номера Информационно-методического бюллетеня Архива Президента РК. Выпуск издания инициировал директор Архива В.Н. Шепель. Целесообразность издания бюллетеня была обусловлена рядом обстоятельств. Прежде всего, сокращением, как в республиканской, так и в другой доступной литературе, публикаций по теории, методике и практике архивного дела и документирования. С другой стороны бюллетень был нужен как новая форма организационно-методического руководства ведомственными архивными и делопроизводственными службами учреждений – источников комплектования Архива Президента РК.

Первоначально бюллетень состоял из двух разделов: «Архивоведение» и «Документоведение». В свою очередь, были выделены рубрики по основным направлениям работ: нормативно-организационное обеспечение; методика, практические ситуации (семинар на рабочем месте); архивные термины; комментарии и разъяснения; общая информация.

В первый состав редакционной коллегии входили: 7 сотрудников Архива: Ж. Абдукадырова, С. Аубакиров, Л. Дегитаева, В. Печерских, В. Чупров, З. Хашимбаева, возглавил редакцию В. Шепель.

Не имея опыта работы по изданию бюллетеня, мы сначала конечно переживали, каким получится первый номер, как подать материал, будет ли он интересен читателю? Конечно же, подготовка бюллетеня происходила за счет уплотнения рабочего времени, выходных дней. Много приходилось редактировать тексты, вносить дополнения в виде примеров, без которых особенно статьи методического характера были неполноценными. Конечно, были и откровенные компиляции ранее изданных пособий, такие мы не принимали к публикации и требовали новых подходов в методике или совершенствовании.

Но время расставило все по местам. Как правило, номер открывался статьями директора В. Н. Шепеля по актуальным вопросам деятельности Архива, в том числе по проблемным темам. Периодически со статьями выступал заведующий Общим отделом Администрации Президента РК М.Х. Жакыпов. Первые мои статьи были посвящены комментариям Закона РК «О Национальном архивном фонде и архивах». Особое внимание было уделено вопросам архивных технологий, которые требовали разъяснений для работников наших источников комплектования. Опубликован опыт работы с электронными документами в Российских архивах. Были изданы статьи, приуроченные к проведению в Архиве Президента РК первой Республиканской конференции в 2006 г. по электронному документообороту и электронным архивам.

С 2009 г. в бюллетень была введена новая рубрика «Архивные находки», где публиковались отдельные уникальные документы, проливавшие свет на «белые пятна истории» Вести новую рубрику было поручено Е.М. Грибановой, ей помогала в этом деле Е.В. Чиликова Эта рубрика логически дополняла публикации из календаря знаменательных дат, которую вели сначала А.А. Сейсенбаева, а затем А.М. Толетбеков.

Со второго номера 2009 г. в бюллетене начали появляться фотоиллюстрации, по различным мероприятиям, проводившимся в Архиве. К сожалению, они были в черно-белом цвете, но все же запечатлели встречу с Г.К. Бельгером и встречу, посвященную памяти М.Т. Оспанова.

Характерно, что с приходом нового директора Б.А. Джапарова изменилась концепция бюллетеня. В 2014 г. главным редактором стал Б.А. Джапаров, который инициировал усиление публикаций по информационным технологиям. В частности были опубликованы, по сути, программные документы: Концепция и программа информатизации Архива. В следующем году перешли к новому формату бюллетеня как того требовали новые требования. Были введены разделы:

«Архивоведение, источниковедение, документоведение и археография»;

«Исторические исследования»;
«Новые технологии и технотронные архивы»;
«Отечественный и зарубежный опыт»;
«Научная публикация архивных документов»;
«Исторические личности. Архивные находки»;
«Официальный отдел».

С приобретением печатно-издательского комплекса обложка бюллетеня качественно улучшилась в цветовой гамме, подобрала национальный колорит оформления, значительно больше стало статей на казахском языке, что сделало его более доступным для читателей. Статьи и сообщения уже иллюстрировались в цветном изображении, что придало бюллетеню профессиональный вид.

В 2016 г. существенно изменился состав редакционного совета: главный редактор – Б.А. Джапаров, К.Ш. Алимгазинов, А.Т. Сулейменова, Г.О. Бекишева, М.Т. Жылгелдинов, Н.Т. Исаева, Е.В. Чиликова, В.М. Чупров.

Таким образом, за 10 лет в 21 бюллетене опубликовано 167 статей, в том числе 52 – методического характера, более 50 ответов на вопросы читателей. Хотелось бы отметить публикации С.И. Черновой «СОМ – технологии для обработки информации», Д.Ю. Абдукадыровой «Деловая игра-практикум по оформлению ОРД», «Составление и оформление официальных документов», Б.А. Касенова «Организация и методика исполнения тематических и социально-правовых запросов в ведомственном архиве», А.А. Сейсенбаевой «Формирование фонда Президента РК», Р.М. Абдуали «Методические рекомендации по форматированию сборников документов», Е.В. Чиликовой «Памятка по публикации визуальных документов», Б.Д. Шайлазымова за цикл статей по электронным технологиям», а также ряд статей программного характера директора Архива Б.А. Джапарова Отрядно отметить, что стали публиковаться статьи научно-популярного характера Е.М. Грибановой и Е.В. Чиликовой «К вопросу о выявлении и отборе и публикации ретроспективной информации персонального характера», К.Ш. Алимгазинова «Из истории конституционного строительства в Казахстане по документам Архива Президента РК», «Казахстанская модель национального согласия как фактор консолидации полиэтнического общества» и др.

Как показывает состояние организации документирования и архивного хранения документов в учреждениях – источниках комплектования Архива Президента РК бюллетень является эффективным средством руководства, внедрения новых форм и методов работы, методического обеспечения работы с документами и хранения, распространения передового опыта работы, он востребован работниками ведомственных архивов и службами документирования. Бюллетень уже вышел за пределы ведомственных изданий, и наши статьи пользуются успехом при публикации в журнале «Вопросы документооборота». Приведу некоторые примеры. Статьи Д.Ю. Абдукадыровой «Основные принципы и методы формирования документов в дела», «Назначение паспорта ведомственного архива», «Составление и оформление официальных документов» привлекли внимание более 5 тыс. читателей; В.М. Чупрова «План работы ведомственного архива», «Составление и оформление протокола», «Составление Устава организации» – 1877 – читателей, Е.В. Чиликовой – цикл статей по краеведению, эвакуации – 1385; статья директора Б.А. Джапарова «Концепция информатизации Архива Президента РК» – 850. И это далеко не полная статистика.

В заключение хотел бы остановиться на некоторых недостатках и перспективах расширения тематики и качества публикаций в нашем бюллетене. В последнее время ослаблена обратная связь с читателями, значительно сократилось число вопросов от них, требующих разъяснения. Не публикуются статьи по отечественному и зарубежному опыту архивной работы.

Как методическому центру по работе с партийными документами сотрудникам Архива необходимо в следующем году начать публикацию статей по интеграции документов бывших партархивов в систему государственных архивов, методики построения научно-справочного аппарата, каталогов, справочников, методические рекомендации по проведению целевой экспертизы ценности документов, по ведению научных проектов на базе партийных документов и другим вопросам.

*Ж. Байқаш,
ҚР Президенті Архивінің
Құжаттарды ғылыми жариялау
басқармасының бас сарапшысы*

**«Друг или враг. Сталинские репрессии и система лагерей»
Дөңгелек үстел туралы**

2016 ж. 31 мамырда Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде Қазақстан Гёте Институты, Шет мемлекеттермен байланыс институты (IFA), Қазақстандағы Ф. Эберт атындағы қор өкілдігімен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ұйымдастырылған, «Друг или враг, Сталинские репрессии и система лагерей» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті.

Сол күні Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде «Паула Модерзон-Беккер және Ворпсведе суретшілері. Суреттер мен гравюралар 1895–1906 жж.» көрмесінің ашылуы өтті. Көпшілік назарына Паула Модерзон-Беккер мен оның Ворпсведелік әріптестері Отто Модерзон, Фриц Макензен, Ганс ам Энде, Фриц Овербек и Генрих Фогелердің 60-тан астам суреттері мен гравюраларынан тұратын экспозициялар ұсынылды. Генрих Фогелер бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін КСРО-ға барып, Мәскеуде өмір сүреді. 1940 жылдары Қазақстанға қоныс аударылып, 1942 ж. Қарағанды облысында дүние салды.

Дөңгелек үстелді Қарағанды облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е. Ағымбаев ашты. Сонымен қатар дөңгелек үстел барысында Қазақстандағы Германияның өкілетті елшісі Джонни Крамер, Қазақстан Гёте институтының басшысы Барбара Фрайфрау фон Мюнххаузен, Ф. Эберт атындағы қордың Қазақстандағы, Өзбекстандағы және Түркменстандағы аймақтық директоры Пэр Тешендорф алғы сөз сөйледі.

Публицист, әскери тарихты зерттеуші Д. Игсатова, Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры З. Сақтағанова, ҚБТУ Базалық факультетінің деканы М. Акулов, Шымкент өңірлік мемлекеттік архивінің директоры Г. Шардарбекова өз баяндамаларын оқыды.

Дөңгелек үстелде ҚР Президенті Архивінің бас сарапшысы Ж.Т. Байқаш қатысушыларды «О проекте Архива Президента РК по созданию базы данных военнопленных Второй мировой войны» баяндамасымен таныстырды.

Сонымен бірге, Дөңгелек үстелді ұйымдастырушылар тарапынан екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық тұтқындарының құжаттың өмірімен қызметтері туралы арналған көрме ұсынылды.

О Круглом столе «Друг или враг. Сталинские репрессии и система лагерей»

31 мая 2016 г. в Карагандинском областном музее изобразительного искусства состоялся Круглый стол «Друг или враг. Сталинские репрессии и система лагерей», посвященный Дню памяти жертв политических репрессий в Казахстане. Организаторы мероприятия Гёте-Институт Казахстан, Институт связей с зарубежными странами (IFA) и Представительство Фонда имени Ф. Эберта в Казахстане.

В этот же день в Карагандинском областном музее изобразительного искусства (г. Караганда) состоялось открытие выставки «Паула Модерзон-Бекер и художники Ворпсведе. Рисунки и гравюры 1895–1906 гг.». На экспозиции представлено более шестидесяти рисунков и гравюр Паулы Модерзон-Бекер и ее коллег-художников из Ворпсведе, в том числе Отто Модерзон, Фриц Макензен, Ганс ам Энде, Фриц Овербек и Генрих Фогелер. Генрих Фогелер был самым молодым среди художников Ворпсведе. После Первой мировой войны он приехал в СССР, жил в Москве, в 1940-х гг. был депортирован в Казахстан. Художник умер в 1942 г. в одной из деревень недалеко от Караганды.

Круглый стол открыл руководитель Управления культуры, архивов и документации Карагандинской области Е. Агимбаев. С приветственным словом к гостям и участникам мероприятия обратились полномочный посланник Германии в Казахстане Джонни Крамер, руководитель Гёте-Института Барбара Фрайфрау фон Мюнххаузен и региональный директор Фонда имени Ф. Эберта в Казахстане, Узбекистане и Туркменистане Пэр Тешендорф.

С докладами выступили: публицист, исследователь военной истории Д. Игсатова, директор Центра этнокультурных и историко-антропологических исследований КарГУ им. Е.А. Букетова З. Сактаганова, декан базового факультета КБТУ, ассистент профессор, Ph.D. М. Акулов, директор Шымкентского регионального государственного архива Г. Шардарбекова.

Главный эксперт Архива Президента РК Ж.Т. Байкаш выступила с сообщением на тему: «О проекте Архива Президента РК по созданию базы данных военнопленных Второй мировой войны».

Работа Круглого стола сопровождалась историко-документальной выставкой, посвященной военнопленным-казахстанцам Второй мировой войны.

Ж. Зейнелов
ҚР Президенті Архивінің
Жинақтау және құжаттама
басқармасының басшысы

Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай қоғам қайраткері
Асылы Әлиқызының қатысуымен «Архив және қоғам: тарихи сананың
қалыптасуындағы мемлекеттің рөлі» тақырыбында өткен іс шара туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өту шеңберінде және Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай 2016 ж. 21 қыркүйекте Қазақстан Халқы Ассамблеясының, Әзірбайжан этномәдени орталығының, «Мемлекеттік тілге құрмет» Қоғамдық бірлестігінің төрайымы, елімізге танымал тұлға, қоғам қайраткері Асылы Әлиқызы Османның қатысуымен «Архив және қоғам: тарихи сананың қалыптасуындағы мемлекеттің рөлі» тақырыбында Дөңгелек үстел өткізді. Бұл аталған іс шараны өткізуге Асылы Әлиқызының жеке қорының құжаттарын ҚР Президентінің Архивіне салтанатты түрде қабылдау шарасы арқау болды.

Осман Асылы Әлиқызы 1941 ж. 13 тамызда Грузияның Ахалкалак ауданында Хавет ауылында дүниеге келді. 1944 ж. қараша айында отбасы Қазақстанға жер аударылған. 1957 ж. Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданындағы Жаңаталап жетіжылдық мектебін тамамдады. 1957–1961 жж. Түркістан педучилищесінде оқып, оны бастауыш мектеп мұғалімі мамандығы бойынша аяқтады. Сол жылдың қыркүйегінен бастап 1963 ж. шілдесіне дейін аталған облыстың Түлкібас ауданы Жаңаталап ауылында мұғалім болып қызмет атқарды.

1963 ж. 1967 ж. дейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетінде оқып, оны қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік бітірді. 1969 ж. 30 желтоқсаннан ҚР ҰҒА-ның Тіл білімі институтына аспирант болып қабылданған. 1973 ж. ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Ысқақовтың жетекшілігімен М. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша «Қазақ тіліндегі синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1973 ж. 1993 ж. дейін ҚР ҰҒА-ның Тіл білімі институтында қызмет еткен Асылы Әлиқызы 1993 ж. ҚР Министрлер кабинеті жанындағы Тіл комитетінің Ұлт тілдерін дамыту басқармасының бастығы қызметін атқарды. 1996 ж. ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік

комитетінің Мемлекеттік тілді дамыту, терминология және ономастика жұмысы жөніндегі Бас басқармасының бастығы болып қызмет істеген.

Асылы Әлиқызы қаламынан «Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі», «Қазақша-түрікше-орысша тілашар» еңбектері жарық көрген. Сонымен қатар, он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» (1974–1986 жж.) құрастырушылардың бірі әрі ғылыми жинақтар жазуға қатысқан. 300-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары, басқа тілдерден аудармалары жарияланған. Ол қазақ тілінің мәртебесі жайлы өзекті мәселе көтеріп, Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысып, радио-теледидардан хабарлар беріп, газеттерге үзбей мақала жазып, «Қазақ тілі» мен «Қазақстан мұсылман әйелдері», «Адамын құқығын қорғау» қоғамдарына белсене ат салысып жүрген ғалым апаларымыздың бірі.

Асылы Әлиқызы қазіргі таңда Алматы облыстық Әзірбайжан этно-мәдени орталығының, «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрайымы, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысы төрағасының орынбасары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Мемлекеттік тілді дамыту қорының» Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының және Алматы облысының «Құрметті азаматы» атағы берілген. «Достық» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «10 жыл Астана» медальдарымен, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен және Құрмет грамотасымен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Алғыс» грамотасымен, «Отан» республикалық саяси партиясының «Белсенді қызметі үшін» омырау белгісімен, Қазақстан халқы Алматы облыстық кіші Ассамблеясының грамотасымен және т. б. марапаттармен марапатталған. 2004 ж. Американың өмірбаяндық халықаралық зерттеу институты Асылы Әлиқызына «Әлемдегі 2004 ж. ең таңдаулы әйелі» деген атақ берді.

Асылы Әлиқызының: «Қазақ халқы – ұлт құраушы халық, яғни барлық өзге ұлттар оның айналасына топтасуға тиіс. Қазақ халқының тілі мен мәдениетін, әдет-ғұрпын білуіміз, сыйлауымыз керек», – деген сөздері бүгінгі таңда үлкен маңызға ие болып отыр. Асылы апамыз қазақ ұлтының бар мейірімі мен шапағатын бойына молынан сіңіре алуымен ерекшеленіп тұрады. Оған куә оның: «Менің ойымша, бәріміздің үйіміз аспан асты кең дала – Қазақстан, ұлтымыз – қазақ» деген сөзі дәлел бола алады.

Қазақстандағы тілге қатысты барлық игі істерден Асылы Әлиқызы тысқары қалған емес. Тілді – ұлттың жаны, ұлттың өзі деп білген Асылы Әлиқызының еңбегі жоғары бағаланып, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Көптеген қоғамдық істерге білегін сыбана кірісіп, бүгінгі күнге дейін іскери белсенділігін жоғалтқан жоқ. Қай жерде болмасын «Қазағым, тілім, елім» деп ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, оның іргесінің берік қалануы үшін тынымсыз еңбек етуден еш жалықпайды. Еліміздің «Тіл күрескері әрі жанашыры» деген марапатына ие болуға лайық адам. Асылы Әлиқызының бойындағы ең бірінші Отанға деген ізгі сүйіспеншілік бәрімізге үлгі екені рас. Міне, Асыл апайдың азаматтық бейнесі осындай.

Асылы Әлиқызы Осман Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің толықтыру көздері болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясының, әзірбайжан ұлттық мәдени орталықтарының белсенді мүшесі ретінде Архивтің жеке тұлғалармен толықтыру көздерінің тізіміне енгізілді. Тараптардың ұсыныстары мен келісімдері нәтижесінде Асылы Әлиқызының өмірбаяндық, қызметтік, шығармашылық құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау жөнінде ҚР Президенті Архивінің директоры Б. Ә. Жапаров пен А. Ә. Османның арасында келісімшарт жасалды.

Жинақтау және құжаттама басқармасының басшысы Ж. Зейнелов пен бас сарапшы Ә. Сүлейменова белгілі қоғам қайраткері, ғалым А. Ә. Османның қызмет кабинетінде болып жеке архивтің құрамына қабылдануы тиіс құжаттардың түрлері мен әртүрлілігі жөнінде әңгімелесу жүргізіп, ҚР Президентінің Архивінде ғалымның жеке қорын жасақтау жөнінде келісілген болатын. Әңгіме барысында Асылы Әлиқызы жеке өмірі, қызметі, ғылыми еңбектері, шығармашылығы және т. б. тақырыптар қозғалды. Ғалым, ұстаз қайраткер А. Осман әңгіме соңында мемлекеттік сақтауға жеке архивіндегі халықаралық «Қазақ тілі» қоғамында, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамында қызмет еткен жылдарында дайындалған құжаттармен қатар, өзіне жазылған жеке тұлғалардың

хаттарын, пікірлерін, түрлі симпозиумдар, ғылыми жиындар мен қоғамдық басқосуларда болғанын айғақтайтын баспа өнімдерін тапсырды. ҚР Президентінің Архивінің кітапхана қорына өзі дайындаған мақалалар жинағы мен орысша-қазақша-түрікше тілашар сөздігін, түрлі авторлардың қолтаңбамен сыйланған кітаптарын сыйға тартты.

Қазақ тілінің жанашыры, ұлттық тұтастық пен ұлтаралық ынтымақтастықтың алтын тұғырын бекемдеп жүрген Асылы апамыздың өмір өрнегі мен тағдыр тамыры зерленген құжаттар мен суреттер негізінде дайындалған слайд-шоу қатысушылардың назарына ұсынылды. Жеке қордың құрамында болуы тиіс құжаттардың түрлерін Асылы Османның жеке архивінен толықтай көруге болады.

Қазақстанға 1942 жылы «сенімсіз элемент» ретінде жер аударылған ата-анасының бауырында келген сәби Асылының тағдыры көптеген кеңестік азаматтардың өміріне ұқсас келгенімен, өзіндік өрнегі бар өмірбаян иесі екендігі белгілі. Кеңестік мектеп, социалистік қоғам, коммунистік тәртіп тәуелсіздікпен, егемендікпен ауысқан сәттегі аумалы тағдыр иелерінің айқын көрінісіндей Асылы Әлиқызының тағдыры барша қазақстандыққа ортақ тағдыр, ортақ қасірет, ортақ мәртебе.

Өмірінің негізгі кезеңдерін сипаттайтын құжаттарын мемлекеттік сақтауға өткізуге шешім қабылдап, Қазақстан Республикасы Президенті Архивімен тығыз қарым-қатынас орнатып, үздіксіз байланыс жасап отыратындығы үшін Асылы Әлиқызына басшылар тарапынан лағыс білдіреді.

Дөңгелек үстелді А. Османның құжаттарын Архивке мемлекеттік сақтауға тапсыру туралы келісім-шартқа қол қою және А. Османды Архивтің жеке қорларын толықтырушы көздері қатарына қосу туралы шешім қорытындылады. Аталған іс шараға қоғам қайраткерлері, ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, Алматы қаласының жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

С. Шайжанова
ҚР Президенті Архивінің
Құжаттарды ғылыми жариялау
басқармасының сарапшысы

**«Еуразияның түркі және мұсылман халықтарының саяси көшбасшылары:
тұлғалар, идеялар, тағдырлар. ХХ ғасырдың басы» атты халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясы туралы**

2016 ж. 30 қыркүйекте Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Қазақстан тарихшыларының қауымдастығы, Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен «Еуразияның түркі және мұсылман халықтарының саяси көшбасшылары: тұлғалар, идеялар, тағдырлар. ХХ ғасырдың басы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция Қазақстанның мемлекет, қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Ө. Бөкейхановтың туылғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған. Конференцияның мақсаты Ө. Бөкейхановтың ұлт тарихындағы орнын, қоғам қайраткері, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі ретіндегі қызметін бүгінгі көзқарас және методологиялық ұстаным тұрғысынан қорыту және білім жүйесінде оқыту мәселелерін талқылау болып табылады.

Конференцияға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан тарихшыларының қауымдастығының Төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның мүше-кореспонденті М. Қойгелдиев, «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті Акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы, Халықаралық түркі академиясының Президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ. Дархан, Ш.Ш. Уәлиханов

атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті Х. Әбжанов, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор К. Есмағанбетов, Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің Тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор А. Беделбаев, С. Демирель университетінің профессоры Ә. Ілияс, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Байділдеев, ҚР Президенті Архивінің директоры, техника ғыл. докторы, профессор Б. Жапаров, ҚР Президенті Архиві директорының орынбасары Қ. Әлімғазин және ҚР Президенті Архивінің құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының басшысы мен архивисті Е. Чиликова, С. Шайжанова және т.б. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары қатысты.



Конференцияда саяси көшбасшылардың өмірбаянын зерттеудің теориялық және методологиялық негіздері, саяси көшбасшылардың жеке тарихын жасаудың деректері, спецификасы, жеке құжаттарды өңдеу және интерпретациялаудың ерекшеліктері, Ә. Бөкейханов және қазақ ұлттық идеясы, т.б. бағыттағы мәселелер де талқыланды.

Конференцияның екінші бөлімі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан тарихшыларының қауымдастығының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті М. Қойгелдиевтің 70 жасқа толуына орайластырылды. Ол ҚР Президенті Архивінің ғылыми кеңесінің мүшесі болып табылады. Көп томдық «Алаш қозғалысы» атты құжаттар мен материалдар жинағының жауапты редакторы және құрастырушыларының бірі.



Конференцияға ҚР Президенті Архивінен Е. Чиликова «Движение Алаш в документах Архива Президента Республики Казахстан», «Судьба Алихана Букейханова по документальным сборникам и библиотечному фонду Архива Президента Республики Казахстан», Ә. Сүлейменова «Серікбай Ақиев: заманы тағдырын билеген тұлға» деген тақырыптарда өз баяндамаларын ұсынды.

Сондай-ақ, конференцияда тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылып, ҚР Президенті Архивінің қорындағы құжаттар мен кітаптары қойылды.

*Ю. Серовайская,
кандидат исторических наук, доцент*

**Отзыв на книгу Павел Мариковский
«Воспоминания натуралиста, зоолога, писателя»**

В 2016 г. в Архиве Президента Республики Казахстан состоялась презентация историко-документальной выставки и прошло заседание Круглого стола «Интеллектуальный капитал страны: зоологическая наука Независимого Казахстана», приуроченные к 70-летию Национальной Академии наук Казахстана. Это запоминающееся мероприятие было проведено в рамках празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан и по замыслу его организаторов направлено на пропаганду достижений в науке суверенного Казахстана.

На торжественном открытии выставки выступили директор Архива Президента РК, доктор технических наук, профессор Б.А. Джапаров, заместитель руководителя представительства Россотрудничества в Республике Казахстан, консул Генерального Консульства Российской Федерации в Алматы И.В. Переверзева, директор РГУ «Центральный государственный архив научно-технической документации» Министерства культуры и спорта РК Г.С. Сарсенова. В мероприятии приняли участие архивисты, музейеведы, ученые, журналисты, представители общественности и др.

На выставке, подготовленной сотрудниками Архива Президента РК, Центрального государственного архива научно-технической документации РК (далее – ЦГА НТД РК), Ведомственного архива «Ғылым ордасы» были представлены уникальные фотографии и письменные документы, связанные с историей академического Института зоологии, а также материалы из фонда документов личного происхождения учёного-биолога П.И. Мариковского, в том числе картины, принадлежащие его кисти, перу и карандашу. Экскурсию по выставке провели главный эксперт Управления научной публикации документов Архива Президента РК Ж.Т. Байкаш и заместитель директора ЦГА НТД РК Б.А. Жуматаева.

Затем состоялось, заседание Круглого стола. Доклады собравшихся здесь ученых-биологов: А.М. Мелдебекова – генерального директора Института зоологии КН МОН РК, доктора сельскохозяйственных наук, профессора, академика НАН РК, А.Т. Канаева – заведующего кафедрой биоразнообразия и биоресурсов факультета биологии и биотехнологии КазНУ им. аль-Фараби, В.Л. Казенаса – ученого-энтомолога, доктора биологических наук, профессора, в совокупности дали целостное представление о создании, становлении и развитии Института зоологии КН МОН РК (ранее – Институт зоологии АН КазССР, затем – Институт зоологии НАН РК). При этом не были забыты имена основателей и организаторов зоологической науки в Казахстане, начиная с первого заведующего сектора зоологии и ботаники, открытого в 1932 г., С.И. Снегиревского (1905–1942), и видных зоологов, сложившегося на его основе Института зоологии в 1943 г. Именно эти ученые: П.А. Янушко, А. Бялыницкий-Бируля, В.А. Селевин, Л.М. Шулпин, А.В. Афанасьев, Н.С. Бутарин; Е.М. Ауэзов, С.Т. Рыскулова, Т.Н. Досжанов, А.Б. Бекенов, стояли у истоков республиканской науки зоологии.

Среди этих имен наиболее часто звучало имя талантливого, самобытного, уникального ученого-энтомолога, доктора биологических наук, профессора Павла Иустиновича Мариковского (1912–2008). Это было неслучайно: во-первых, потому что долгие годы П.И. Мариковский трудился в Институте зоологии АН КазССР на должности заведующего лабораторией ядовитых животных, а затем – лаборатории энтомологии. Во-вторых, издание книги его мемуаров «Воспоминания натуралиста, зоолога, писателя (Под ред. Б.А. Джапарова. – Алматы: «Принт Экспресс», 2016. – 384 с.; 4 л. илл.)» было приурочено к 70-летию Академии наук РК. Презентация книги воспоминаний П.И. Мариковского была посвящена значительная часть заседания Круглого стола. Именно поэтому выступления ряда его участников, в разные годы являвшихся сначала учениками, затем – коллегами П.И. Мариковского, были связаны с его личностью и его научными достижениями. Так, ученик П.И. Мариковского доктор биологических наук, профессор В.Л. Казенас в своем докладе обратил внимание собравшихся на то, что в период, когда Мариковский заведовал лабораторией энтомологии в Институте зоологии АН КазССР, наука энтомология ус-

пешно развивалась и имела солидные достижения. Тогда при его непосредственном участии и под его руководством было зарегистрировано 20 тысяч видов насекомых и открыты 2 тысячи новых, ранее неизвестных науке видов, а также создана богатейшая коллекция в 100 тысяч видов насекомых.

Другой ученик Павла Иустиновича – Б.Т. Таранов, кандидат биологических наук, ассоциированный профессор КазНАУ, участник многих его экспедиций, рассказал о самоотверженном труде своего учителя во время полевых исследований. По его словам: «П.И. Мариковский сам был удивительным человеком и не переставал удивляться природе».

В связи с презентацией книги воспоминаний ученого директор ЦГА НТД Г.С. Сарсенова в своем выступлении дала представление о содержании фонда документов личного происхождения П.И. Мариковского, состоящего из 383 единиц хранения, и в частности, она сообщила, что в этом фонде содержится первый вариант его мемуаров, более кратко названный автором «*Воспоминания натуралиста*» [2].

Книгу воспоминаний П.И. Мариковского на заседании Круглого стола представила Р.А. Артемьева, член Союза писателей РК и член Союза журналистов РК. Она же являлась автором идеи этого проекта. На презентации присутствовали спонсоры издания – И. Литвиненко, А. Труш, М. Айманов, А. Калистратов, а также, оказавший организационную помощь проекту В. Мосин, без участия которых книга, скорее всего, не увидела бы свет в настоящее время. И если конференц-зал Архива Президента РК послужил местом проведения презентации книги воспоминаний ученого, то сам архив более десятилетия был и остается самым надежным хранилищем рукописи пера П.И. Мариковского.

Появление рукописи Мариковского в Архиве Президента РК относится к 2005 г. Павел Иустинович сам никогда в Архиве Президента РК не был. С ним при его жизни работали сотрудники ЦГА НТД РК, и в частности, Г. Яндульская. В 2005 г. с просьбой рассказать о периоде сталинских репрессий, коснувшихся и Мариковского, к нему обратилась Е.М. Грибанова, руководитель Управления научной публикации документов Архива Президента РК. П.И. Мариковский, испытывавший к Е.М. Грибановой доверие как к человеку и профессиональному архивисту, передал ей свою рукопись воспоминаний (Это был второй, значительно дополненный им, вариант рукописи мемуаров, уже хранящейся к этому времени в ЦГА НТД РК). Следуя профессиональному долгу, Е.М. Грибанова сдала переданную ей автором рукопись на государственное хранение в Архив Президента РК. Рукопись содержится в Коллекции документов жертв, пострадавших от политических репрессий в СССР.

Какова же роль Архива Президента РК в опубликовании книги: Павел Мариковский «*Воспоминания натуралиста, зоолога, писателя*». Отвечая на этот вопрос скажем, что подготовленная к печати рукопись была рекомендована к изданию Научным Советом Архива Президента РК. О большом значении, которое придавалось этому проекту в Архиве, свидетельствует тот факт, что в рабочую группу по подготовке к изданию рукописи вошли директор АП РК, доктор технических наук, профессор Б.А. Джапаров (редактор), заместитель директора АП РК, доктор исторических наук К.Ш. Алимгазинов, руководитель Управления научной публикации документов АП РК Е.В. Чиликова, главный эксперт Управления научной публикации документов АП РК Ж.Т. Байкаш.

В сжатые сроки, от 14 октября – дата рекомендации к изданию Научным Советом, до начала 2016 г. – времени опубликования книги, коллегия участников проекта провела основательную, профессиональную, творческую работу по превращению рукописи, хранящейся в архиве, в увидевшую свет отпечатанную книгу. Тем более что рукопись П.И. Мариковского представляет собой сложный материал, в котором заключено много исторических событий XX–XXI вв., произошедших на гранях сменяющихся эпох, фигурируют разные персоналии: политические деятели и руководители научных учреждений, известные ученые, его коллеги и ученики. И автор рукописи в целом ряде случаев не избежал субъективных оценок и характеристик. Поэтому составителям книги приходилось не только глубоко и вдумчиво вникать в повествование автора, но и обдумывать, как в силу этических соображений, корректно и тонко произвести необходимые изъятия некоторых фрагментов так, чтобы, по словам Е.В. Чиликовой в предисловие к книге – «... незначительные купюры не повлияли на смысловое восприятие текста» [3, с.9].

Воспоминания натуралиста, зоолога и писателя П.И. Мариковского фактически предваряют два предисловия. Первое из них – «Его религия – согласие с природой» написано Р.А. Артемьевой, а другое от коллектива составителей Е.В. Чиликовой. Само произведение Павла Иустиновича занимает в книге немногим более 340 страниц. Академический характер данному изданию придает раздел «Примечания». Это двадцать страниц текста петитом тщательно и кропотливо выполнены составителями. Примечания представляют особый интерес и познавательное значение, а в иных случаях, являются ключом к пониманию отдельных фрагментов и деталей повествования. Читатель найдет здесь разного рода пояснения, подробные ссылки на труды автора воспоминаний, и библиографические описания работ многих ученых, биографические данные и справки по персоналиям, встречающимся в рукописи, выверенные, дополненные, а порой и исправленные, строки стихов и песен, цитируемых Мариковским.

16 қыркүйекте Астана қалалық архивінде ТМД-ның 25 жылдығына арналған Қырғыз Республикасының Бішкек қалалық архиві қорынан алынған құжаттар мен фотоматериалдар көрмесінің ашылуы өтті.

Көрмеге қойылған фотоқұжаттар Қазақстан мен Қырғыз Республикасының әртүрлі хронологиялық кезеңдердегі қарым-қатынасының тарихын бейнелейді. Олардың ішінде – Орта Азия мемлекеттері басшыларының 1992 ж. Бішкек қаласындағы басқосулары, Қазақстанның мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қырғыз Республикасына 2001 ж. ресми сапары, 1949 ж. Мәскеуде 1-ші бүкілодақтық конференцияда жазушы Сәбит Мұқановтың Түрікменстан, Ресей және Қырғыз Республикасынан келген әріптестерімен кездесу сәттері бар.

Көрмеге Астана қаласының мәдениет мекемелерінің, Қырғыз Республикасы өкілдігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Астана қаласындағы басқармасының (филиал) қызметкерлері, студенттер қатысты.

16 сентября в Государственном архиве города Астаны состоялось открытие выставки документов и фотографий, из фондов Бишкекского городского государственного архива Кыргызской Республики, посвященной 25-летию СНГ.

Представленные на выставке фотодокументы отражают историю взаимоотношений Казахстана и Кыргызской Республики в различные хронологические периоды. Среди них – встреча глав государств Средней Азии и Казахстана в г. Бишкек, 1992 г.; официальный визит Президента Казахстана Н.А.Назарбаева в Кыргызскую Республику, г. Бишкек 2001 г.; участие писателя Сабита Муканова в 1-й Всесоюзной конференции с коллегами из Туркменистана, Кыргызской Республики и России, Москва, 1949 г.

В мероприятии приняли участие представители учреждений культуры Астаны, посольства Кыргызской Республики в Республике Казахстан, сотрудники Управления Архива Президента РК в г. Астане (филиал), студенты.



19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының Сараптамалық кеңесінің отырысы өтті.

Кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жеке архивіндегі аса құнды құжаттарды іріктеу, сақтық қорларын құру және құжаттарды пайдалану қорларын құру мәселесі талқыланды. Сараптамалық кеңес отырысының жұмысына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі М.Х. Жақыпов, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы Қ. Сұлтанов, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Музейінің директоры А. Сағынғали, Қазақстан Республикасы Президентінің ТРК Бас директоры Е.Х. Бекхожин, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Астана қ. басқармасының (филиал) жетекшісі С.Ж. Әубәкіров және басқа мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің өкілдері қатысты.

19 сентября состоялось очередное заседание Экспертного совета Библиотеки Первого Президента РК – Лидера Нации.

В ходе встречи обсуждались вопросы отбора особо ценных документов личного архива Президента РК Н.А. Назарбаева, создание страхового фонда и фонда использования документов. В работе приняли участие заведующий Общим отделом Администрации

Президента РК М.Х. Жакыпов, депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук К. Султанов, директор Музея Первого Президента РК А. Сагынғали, генеральный директор ТРК Президента РК Е.Х. Бекхожин, руководитель управления Архива Президента РК в г. Астане (филиал) С.Ж. Аубакиров и другие представители государственных органов и учреждений.



21 қыркүйекте ҚР Президентінің Архиві Тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап өту шеңберінде және Қазақстан халқы тілдерінің күніне орай мемлекет және қоғам қайраткері Асылы Әлиқызы Османның қатысуымен «Архив және қоғам: тарихи сананың қалыптасуындағы мемлекеттің рөлі» тақырыбында Дөңгелек үстел өткізді.

Кездесу барысында ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров Елбасы Н.Ә. Назарбаев тілді білудің біріктіруші ролін, оның негізінде ұлттық идея мен тарихи сананың қалыптасатыны туралы әрқашан атап өтетінін айтты. Тарихи сананы қалыптастырудың маңызды құралы – мемлекеттік тіл деп сөзін тұжырымдады.

Дөңгелек үстелді А. Османның құжаттарын Архивке мемлекеттік сақтауға тапсыру туралы келісім шартқа қол қою және А. Османды Архивтің жеке қорларын толықтырушы көздері қатарына қосу туралы шешім қорытындылады.

21 сентября Архив Президента РК, в рамках празднования 25-летия Независимости и в преддверии Дня языков народа Казахстана провел Круглый стол на тему: «Архив и общество: роль государства в формировании исторического сознания» с участием государственного и общественного деятеля – Асылы Алиевны Осман.

Директор Архива Президента Республики Казахстан Б.А. Джапаров подчеркнул, что Глава государства Н.А. Назарбаев не раз отмечал первостепенное значение знания языка как одного из консолидирующих факторов, на базе которых строится национальная идея и формируется историческое сознание.

Итогом работы Круглого стола стало заключение договора о передаче документов А.Осман на государственное хранение в Архив и включении ее в список источников комплектования Архива по личным фондам.



22 сентября в рамках соглашения о сотрудничестве Архива Президента РК с КазНУ им. аль-Фараби началась производственная практика студентов 3 курса по специальности: «Архивоведение, документоведение и документационное обеспечение» истории, археологии и этнологии факультета КазНУ им. аль-Фараби. Производственная практика продлилась до 31 декабря 2016 г.



23 қыркүйекте ҚР Президенті Архиві қызметкерлерінің «Архив және қоғам» циклі семинарлар аясында «Еуразия жазғы мектебінің» тындаушылары – Өзірбайжан, Беларусь, Германия, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Польша, Түркия, Өзбекстан және Украина елдерінің университеттерінен келген докторанттары және магистранттарымен кездесуі өтті. Қонақтар «Алматы – тарих толқынында» атты тарихи-құжаттық көрмемен танысты. Тындаушыларға микрофильмдеу және архивтік құжаттарды цифрлеу үрдістерімен танысу өте қызықты болды.

Кездесу Дөңгелек үстелде жалғасын тапты. ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров қонақтарға Архив жұмысы туралы баяндап, болашақ жоспарлармен бөлісті. Өз баяндамасында, Б.Ә. Жапаров, ҚР Президентінің Архиві кәсіби ынтымақтастыққа және бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруға дайын екендігін атап өтті.

Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары А. Әмірбек институттың қызметі жайлы баяндап, Архив туралы өз әсерлерімен бөлісті. Ол Архивтен алған мәліметтер жазғы мектеп тындаушыларына Қазақстан тарихын жақсы танып-білуде пайдалы екендігін атап өтті.



23 сентабры в Архиве Президента РК состоялась гостевая встреча архивистов из цикла «Архив и общество» со слушателями «Евразийской летней школы» – докторантами, магистрантами из университетов стран Азербайджана, Республики Беларусь, Германии, Грузии, Казахстана, Кыргызстана, Польши, Турции, Узбекистана и Украины. Гости ознакомились с историко-документальной выставкой «Алматы в потоке истории». Интересным для зарубежных гостей было зна-

комство с процессами микрофильмирования и оцифровки архивных документов.

Встреча была продолжена за Круглым столом. Директор Архива Президента Республики Казахстан Джапаров Б.А. рассказал гостям о работе Архива, поделился ближайшими планами. Он отметил, что Архив Президента РК открыт для профессионального сотрудничества и совместных научно-исследовательских проектов.

Заместитель директора Евразийского научно-исследовательского института А. Амирбек рассказал о деятельности института, поделился своими впечатлениями об Архиве. Он отметил, что знания и сведения, полученные во время визита, будут полезными слушателям летней школы и позволят им лучше узнать историю Казахстана.



29 қыркүйекте Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Ізгілік естелігі құқығы: Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандық әскери тұтқындарды қуғындау тарихы» жобасы шеңберінде, «Қуғын-сүргін тарихы» тақырыбындағы көрменің көрсетілімі мен Дөңгелек үстел өтті.

ҚР Президенті Архивінің Астана қ. басқармасының (филиал) сарапшысы Ф. Дуванова ҚР Президенті Архивінің «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары» жобасы туралы әңгімелеп берді.

29 сентабры в Акмолинском областном историко-краеведческом музее в г. Кокшетау, при поддержке международного Фонда им. Ф. Эберта, прошла презентация выставки на тему «История репрессий». Она проводилась в рамках проекта «Право на добрую память: история репрессий бывших военнопленных казахстанцев Второй мировой войны».

С докладом «Проект Архива Президента РК «Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны: литература, источники и база данных» выступила эксперт Управления Архива Президента Республики Казахстан в г. Астане (Филиал) Ф. Дуванова. Она рассказала о проекте, изучении Архивом истории военнопленных-казахстанцев, выяснении их судеб и создании многофункциональной информационной системы и базы данных по теме.



30 қыркүйекте Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан тарихшыларының қауымдастығы, ҚР Президентінің Архиві, сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Орталық Мемлекеттік архиві, Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен «Еуразияның түркі және мұсылман халықтарының саяси көшбасшылары: тұлғалар, идеялар, тағдырлар. XX ғасырдың басы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Ө. Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған.

Конференцияға ҚР Президенті Архивінен Е.В. Чиликова «Движение Алаш в документах Архива Президента Республики Казахстан», «Судьба Алихана Букейханова по документальным сборникам и библиотечному фонду Архива Президента Республики Казахстан», Ө. Сүлейменова «Серікбай Ақаев: заманы тағдырын билеген тұлға» деген тақырыптарда өз баяндамаларын ұсынды.

Сондай-ақ, конференцияда көрме ұйымдастырылып, ҚР Президенті Архивінің қорындағы құжаттар мен кітаптары қойылды.



30 сентябрь в Архиве Президента РК состоялось очередное заседание Дирекции, в котором приняли участие руководство и руководители управлений Архива, а также представители организаций-источников комплектования: Управления Делами Президента Республики Казахстан и Музей Первого Президента Республики Казахстан.



Заведующий Отделом организационно-контрольной и кадровой работы Управления Делами Президента РК Б.К. Князбаев рассказал о документировании, управлении документацией и архивном хранении документов в Управлении Делами Президента РК. О состоянии документирования, управления документацией и архивного хранения документов в Музее Первого Президента РК доложила заместитель директора Музея К.К. Актаева.

По вопросу выполнения решения Дирекции от 30 сентября 2015 г. № 7 «О состоянии организации документирования и архивного хранения в НАО «Телерадиокомплекс Президента Республики Казахстан» выступил С.Ж. Аубакиров. Вопрос О состоянии подготовки

справочно-информационных изданий, путеводителя по фондам Архива, методического обеспечения архивных работ за 2013–2016 гг. был подготовлен руководителем Управления информационно-методической работы Н.Т. Исаевой
Руководитель Хозяйственной службы Архива Б.С. Раев доложил о подготовке здания и инженерно-технических коммуникаций к осенне-зимнему периоду 2016/2017 г.
По итогам заседания Дирекции приняты соответствующие решения.



3 қазанда ҚР Президентінің Архивінде үстіміздегі жылы наурыз айынан бастау алған «1930–1933 жж. Қазақстандағы ашаршылық» жобасы аясында дереккөздер мұрагерлері және ғалымдармен кездесу өтті. ҚР Президенті Архивінің директоры

Б.Ә. Жапаров қасіретті жылдардағы ашаршылық салдарынан қаза болған азаматтарымыздың аты-жөні енгізіліп жатқан республикалық бірыңғай электронды база деректермен толықтырылып жатқанын әңгімелей келіп, бүгінгі кездесудің де негізгі мақсаты деректер қабылдау екенін атап өтті.

Осындай деректердің бір топтамасы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Қ. Әлімовтың редакциясымен өңделген «1931–1933 жылдардағы ашаршылық: куәгерлер сөйлейді» атты Жетісу өңірі бойынша естеліктер жинағының қолжасбасы болды. Бұл зерттеу жұмысын Асхат Қамзаұлы 2003–2009 жж. академик Ө. Жолдасбеков атындағы институтында қызмет етіп жүргенде студенттер қауымымен бірге ұйымдастырған.



Ашаршылықтан қаза болғандарды анықтау жұмысын жүргізген белгілі деректанушы ғалым, профессор Қ.М. Атабаев болды. Ғалым 1990 ж. арнайы экспедиция ұйымдастырып, көз көргендерден деректер жинақтаған. Экспедиция жұмысының нәтижесінде студенттердің есептік дәптерлері түзілген. Осы қолжазбалар 2014 ж. «32-нің зұлматы. Профессор Қ.М. Атабаев жетекшілік жасаған тарихи-этнологиялық экспедиция деректері. 1932–1933» атты кітап болып жарық көрді. Кездесуде ғалымның жұбайы М.М. Садықова Архивке аталған кітаппен

қолжазбалар түпнұсқаларын мемлекеттік сақтауға тапсырды.



13–14 октябрь по приглашению кызылординских коллег, директор Архива Президента РК Б.А. Джапаров принял участие в работе Круглого стола «Развитие архивной деятельности Кызылординской области». В работе Круглого стола участвовали руководители областных и районных архивных учреждений, представители Акимата области, преподаватели высших учебных заведений.

Участники встречи проявили интерес к научно-исследовательским проектам Архива «Военно-пленные-казахстанцы Второй мировой войны: литература, источники и база данных», «Голод 1930-х гг. в Казахстане: документы и факты» и «Номенклатурные кадры советского Казахстана 1919–1991 гг.», о которых рассказал Б.А. Джапаров. Подробно был освещен вопрос организации оцифровки архивных документов, который ведется Архивом в массовом масштабе и имеет приоритетное значение в производственной деятельности.

Во время встречи акима Кызылординской области К.Е. Кушербаева и директора Архива Президента РК Б.А. Джапарова обсуждались вопросы развития архивного дела в регионе, сотрудничества Архива Президента РК с кызылординскими государственными архивами. Также в ходе рабочей поездки для директора Архива Президента РК было организовано посещение Сырдарьинского районного архива.





24–28 қазан аралығында Корея Республикасы Ұлттық Архивінің арнайы шақыруы бойынша ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров Оңтүстік Кореяға (Сеул қ.) барып қайтты. Іссапар бағдарламасы іскерлік байланыстар мен кездесулерге толы болды. Кореяның архивтік мекемелерін аралау барысында экскурсия өткізіліп, кәсіби мәселелер талқыланды.

Іссапардың басты оқиғасы Корея Республикасының Ұлттық Архиві мен Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві арасында Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою рәсімі болды.

Архивтік мекемелерді аралау кезінде корейлік әріптестер архивтік үдерістерді автоматтандыру мен компьютерлендіру саласындағы жаңа өнімдерімен таныстырды. Бүгінде Корея Республикасы Ұлттық Архиві – жаңа ІТ өнімдер енгізілген, архивистің жұмыс орнынан автоматтандыру технологиясы ұсынылған, қолданушылардың архивтік ақпараттарға кең көлемде қолжетімділігі қамтамасыз етілген, әлемдегі техникалық жағынан озық жабдықталған архивтердің бірі.

Қазақстан мен Корея архивистерінің арасындағы кәсіби байланыс орнату, мәдени қарым-қатынас пен мамандардың өзара түсіністігі мемлекеттер арасындағы достық қатынасты нығайтуға өз үлесін қосады және мемлекеттердің стратегиялық серіктестігі талаптарына сай болып табылады.



25 қазанда ҚР Президенті Архивінің Астана қаласындағы басқармасының (филиал) бас сарапшылары Қ.М. Мырзабекова және А.А. Ермағамбетова құжаттауды және құжаттарды ведомстволық сақтауды жетілдіру бойынша бірлескен жоспарға сәйкес Сыртқы істер министрлігінде «Ұйымда іс жүргізу және құжаттарды архивте сақтау» бойынша семинар өткізді. Оған министрліктің құрылымдық бөлімшелеріндегі іс жүргізуге жауапты қызметкерлері қатысты.

25 октябрь главные эксперты Управления Архива Президента РК в г. Астане (филиал) К.М. Мурзабекова и А.А. Ермагамбетова согласно плану совместных мероприятий по развитию документирования и ведомственного хранения документов провели в Министерстве иностранных дел РК семинар на тему: «Делопроизводство и архивное хранение документов в организации». В нем приняли участие ответственные за делопроизводство структурных подразделений министерства.



27 қазанда Оңтүстік Корея Республикасының астанасы Сеул қаласында Корея Республикасының Ұлттық Архиві мен ҚР Президентінің Архиві арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою рәсімі өтті. Аталған құжатқа қол қоюдың мақсаты өзара тәжірибе, мағлұмат және екі жақ архивтеріне, архивтерді басқару, архив өміріндегі негізгі оқиғаларға қатысты ақпараттармен алмасу, архивтердің басқару персоналы үшін семинарлар мен профессионалдық оқу сабақтарын ұйымдастыру болып табылады. Меморандумға Корея Республикасы Ұлттық Архивінің президенті Ли Санг Джин мен Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Жапаров Борис Әлікенұлы қол қойды. Салтанатты қол қою рәсіміне Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бәкішев Дулат Хангерейұлы қатысты.



27 октября в столице Южной Кореи г. Сеуле состоялось подписание Меморандума о взаимопонимании и сотрудничестве между Национальным Архивом Республики Корея и Архивом Президента РК. Меморандум заключен с целью обмена опытом, знаниями, и информацией касательно архивов, управления архивами, архивными событиями, а также организации семинаров и профессионального обучения для управленческого персонала архивов. Меморандум подписали Президент Национального архива Республики Корея Ли Санг Джин и директор Архива Президента РК Б.А. Джапаров. На подписании Меморандума присутствовал Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Республике Корея Д.Х. Бакишев.



27 қазанда тарих ғылымдарының докторы, профессор, қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының дамуына елеулі үлес қосып жүрген ғалым Б. Аяған жеке зерттеу жұмыс барысымен ҚР Президенті Архивінде болды.

Жұмыс сапары барысында Б. Аяған ҚР Президенті Архивінің қорында сақтаудағы құжаттар мен кітапхана қорындағы әдебиеттермен танысып, Архив басшылығы және қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында Архивтің Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының бас сарапшысы М.Т. Жылгелдинов Архивте 2015 ж. ақпан айынан бастап қолға алынған «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары: әдебиеттер, деректер және мәліметтер базасы» жобасы негізінде жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.



Кездесу соңында Бүркітбай Ғелманұлына ҚР Президенті Архивінің Ақпаратты-әдістемелік бюллетенінің соңғы нөмірлері мен Қазақстанның уездік және аудандық деңгейден бастап партиялық, комсомолдық, әкімшілік, қаржы, кәсіподақ, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының және әскери комиссариат комиссарларының өмірбаяндары топтастырылған «Кеңестік Қазақстанның номенклатуралық кадрлары. I бөлім. (1919–1936 жж.)» электрондық анықтамалығы сыйға тартылды.



28 қазанда ҚР Президентінің Архиві Архивтердің «Ашық Үкімет» шеңберіндегі Қазақстан архивтерінің міндеттері» атты республикалық семинар-кеңесінің қатысушыларға арнап электронды архив құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бойынша мастер-класс өткізді.

ҚР Президентінің Архиві әріптестерін Архивтің басты жұмыс бағыттары – архив құжаттарының сақталуын қамтамасыз ету мен сканерлеу жұмыстарымен таныстырды. Кездесуге қатысушылар архив құжаттарын сандық форматқа көшіру процесімен танысты. Архивтік процестерді автоматтандыру мәселесін «ФАКТОР» жүйелі зерттеу компаниясы қызметкерлері ұсынған Электрондық архив бағдарламасы толықтырды. Ақпараттық және әкімшілік технологиялар институтының бас директоры Т.Е. Әбілова институт жұмыстары туралы айта отырып, архивистердің біліктіліген арттыру мәселелеріне тоқталды.

28 октября Архив Президента РК провел на своей базе мастер-класс по организации работы по созданию электронного архива для участников республиканского семинар-совещания «Архивы в сфере задач «Открытого Правительства».

Сотрудники Архива Президента РК ознакомили коллег-архивистов с приоритетными направ-



лениями деятельности Архива: обеспечение сохранности и оцифровка архивных документов. Гостям был продемонстрирован процесс поточного сканирования документов. Вопросы автоматизации архивных процессов дополнили сотрудники компании системных исследований «ФАКТОР», которые презентовали программное обеспечение «Электронный Архив». Генеральный директор Института информационных и административных технологий Т.Е. Абилова рассказала о деятельности института, высказала пожелание о сотрудничестве с архивами в вопросах повышения квалификации архивистов.



3 қарашада ҚР Президенті Архивінің директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Б.Ә. Жапаров жұмыс сапарымен Оңтүстік Қазақстан облысында болды.

Іссапар барысында Архив директоры облыс орталығы Шымкент қаласында орналасқан Оңтүстік Қазақстан облысы Тілдер, құжаттама және архивтер басқармасының ұжымымен танысты. Сонымен қатар Б. Жапаров, Ж. Зейнелов, Н. Шарафиев 2015 ж. пайдалануға берілген Шымкент қалалық архивінің жаңа ғимаратында болып, соңғы үлгіде жарақтандырылған материалдық-техникалық базасымен танысып шықты. Алматылық мамандар Шымкенттік әріптестерімен бірге Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы Арыстанбабтың кесенесінде, Отырар ауданында орналасқан әл-Фараби музейінде болып, Отырардан шыққан ірі ғұлама ғалымдардың еңбектерімен, жергілікті жердің тыныс-тіршілігін көрсететін этнографиялық экспозицияларды тамашалады.



4 қарашада Тәуелсіздіктің 25 жылдығына және халықаралық ЮНЕСКО ұйымы тарапынан 2016 ж. «Қожа Ахмет Ясауи жылы» болып жариялануына орай ҚР Президентінің Архиві «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайымен бірлесіп «Елдің интеллектуалдық капиталы – тәуелсіздіктің рухани іргетасы» атты тарихи-өлкетанулық іс-шаралар өткізді.

Іс-шаралар аясында Елбасының Түркістан өлкесіне жасаған іссапарлары, шет мемлекет басшыларымен Түркістан қаласында кездесулері мен сұхбаттары жөнінде әңгімелейтін құжаттар негізінде ҚР Президентінің Архиві даярлаған тарихи-құжаттық көрменің ашылу салтанаты жүзеге асырылды. Іс-шараға облыстық және қалалық әкімдік басшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, архив мекемелерінің қызметкерлері, жоғары, орта арнаулы оқу орындарының басшылары мен студенттерінің қатысуымен өткен Дөңгелек үстел жұмысымен жалғасты.



5 қарашада «Вензь» поляк мәдени орталығының Польша Республикасының Алматы қаласындағы Бас Консулдығымен бірігіп ұйымдастыруымен, поляктардың Қазақстанға күштеп қоныс аударылуына 80 жыл толуына орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде, ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференцияға қатысушылардың қатарында Польша Республикасының Алматы қаласындағы Бас Консулы Анджей Папез, Польша Республикасы Сеймінің депутаты, Сеймнің Халықаралық істер және шетелдегі поляктармен байланыс комитетінің вице-төрайымы Малгожата Госьевска, Ардагерлер мен репрессияға ұшырағандар істері басқармасы басшысының кеңесшісі Магдалена Бригита Мерта, басқармасының төрағасы Кордиан Юзеф Борейко, Сібірліктер одағының бас хатшысы Евгений Кишка, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары мен т. б. болды.

ҚР Президенті Архивінің Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының бас сарапшысы М.Т. Жылгелдинов «Отражение истории депортации поляков в документах Архива Президента РК» атты баяндамасымен сөз сөйледі. ҚР Президенті Архивінің Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының басшысы Е.В. Чиликова күштеп қоныс аударулар тарихына қатысты Архивте жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы «Ассамблея народа Казахстана в пространстве исторической памяти» тақырыбындағы презентациясы негізінде айтып өтті.

Іс-шараның соңында қатысушылар назарына «Polonia» Талдықорған аймақтық поляк мәдени-ағарту қоғамы дайындаған «Депортация в Казахстан в 30–50-е годы» деректі фильмі ұсынылды. Бас Консул тарапынан конференцияға қатысушылар поляктардың Қазақстанға күштеп қоныс аударылуының 80 жылдығына орай арнайы шығарылған естелік медальдармен марапатталды.

5 ноября состоялась научно-теоретическая конференция, посвященная 80-летию депортации поляков в Казахстан, организованная Центром польской культуры «Вензь» совместно с Генеральным Консульством Республики Польша в г. Алматы. Мероприятие прошло на базе факультета журналистики Казахского национального университета им. аль-Фараби.

Среди участников, выступавших на конференции, Генеральный Консул Республики Польша в Алматы Анджей Папеж, депутат Сейма Республики Польша, вице-председатель комитета Сейма по международным делам и связям с поляками за границей Малгожата Госьевска, советник Главы Управления по делам ветеранов и репрессированных Магдалена Бригита Мерта, председатель правления Союза сибиряков Кордиан Юзеф Борейко, генеральный секретарь Союза сибиряков Евгений Кишка, ученые КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая и др.

От Архива Президента в работе конференции приняли участие главный эксперт Управления научной публикации документов Архива Президента РК М.Т. Жылгелдинов и руководитель Управления научной публикации документов Е.В. Чиликова.

Вниманию участников мероприятия был продемонстрирован документальный фильм «Депортация в Казахстан в 30–50-е годы», представленный Талдықорғанским региональным польским культурно-просветительским обществом «Polonia». От имени Генерального Консула участники конференции получили в дар памятные медали, выпущенные к 80-летию депортации поляков в Казахстан.



9 ноября в Архиве Президента РК состоялась встреча директора Архива Б.А. Джапарова с председателем Центра польской культуры «Вензь» О. Червинским.

В ходе встречи была достигнута договоренность о сотрудничестве и развитии контактов, проведении совместных мероприятий. Председатель Центра польской культуры предложил передать в библиотечный фонд Архива Президента все номера журнала польской диаспоры «Almatynski Kurier Polonijny».





9 қараша күні ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров АҚШ президент сайлауы қарсаңында АҚШ-тың Алматы қаласындағы Бас консулдығы ұйымдастырған «Election Day Breakfast» шарасына қатысты.

Шара барысында АҚШ-ның Алматы қаласындағы Бас консулы Марк Мудимен кездесті. Бас консул Б.Ә. Жапаровты назар аударғаны мен өзара түсіністік, ҚР Президенті Архивінде зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген америкалық зерттеушілерге ұсынған көмегі үшін алғысын білдірді. Архив директоры Б.Ә. Жапаров америка халқы үшін осы бір тарихи сәт – президент сайлауының маңыздылығын атап өтіп, өзара ынтымақтастықты одан ары дамыту қажеттілігіне назар аударуды және АҚШ-тың Бас консулын ҚР Президентінің Архивімен танысуға шақырды.



9 ноября директор Архива Президента РК Б.А. Джапаров принял участие на мероприятии Генерального консульства США в г. Алматы «Election Day Breakfast», которое было организовано по случаю президентских выборов США.

Во время мероприятия состоялась встреча с Генеральным консулом США в г. Алматы господином М. Муди, который поблагодарил директора Б.А. Джапарова за оказанное внимание, а также за взаимопонимание и поддержку американских исследователей, посещающих Архив. Директор Архива Б.А. Джапаров отметил важность исторического момента – президентских выборов для американского народа, обратил внимание на необходимость дальнейшего расширения сотрудничества и пригласил Генерального консула США в г. Алматы посетить Архив Президента РК.

чества и пригласил Генерального консула США в г. Алматы посетить Архив Президента РК.



14–25 қараша аралығында ҚР Президенті Архивінің Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының жетекшісі Е.В. Чиликова мен бас сарапшы М.Т. Жылгелдинов «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары: әдебиеттер, дереккөздер және мәліметтер базасы» ғылыми-зерттеу жобасы бойынша мәліметтерді іздестіру мақсатында Подольск қ. Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінде және Мәскеу қ. РФ Мемлекеттік Архивінде іздестіру жұмыстарын жүргізді.

Іздестіру жұмыстары барысында Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда жасақталған 196, 100, 102 және т. б. ұлттық әскери құрамаларға қатысты бірқатар құжаттар табылып, олардың көшірмелері алынды.

Қарашаның 21–25 аралығында Архив қызметкерлері Ресей Федерациясының Мемлекеттік Архивінде жұмыс істеді. Архив қорының құжаттарынан Польша, Германия, т. б. мемлекеттердің территорияларында орналасқан Ламсдорф, Маутхаузен, Бухенвальд, Освенцим, Люкенвальд, Демблин, Штутгоф концентрациялық лагерлеріндегі кеңестік әскери және азаматтық тұтқындарға қатысты құжаттар табылып, олардың көшірмелері мен электронды бейнелері алынды.



15 қарашада ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров Венгрияның Алматы қаласындағы Бас консулдығының «Венгрия революциясының 60 жылдығы» шарасына қатысты. Шара әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның оқытушылары мен студенттерінің алдында Қазақстан Республикасындағы Венгрия Елшісі Андраш Барани мен ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров кіріспе сөз сөйледі.

Шара бағдарламасы аясында 1956 ж. Венгриядағы оқиғалар туралы «Играем спокойно» атты деректі фильм көрсетілді. Профессор Миклош Кун «1956 жылғы революция туралы» баяндама жасады. Аталған тақырыпты талқылауға профессорлар Г.К. Көкебаева, Г.Р. Дадабаева, С.М. Мәшімбаев және Тарих, археология және этнология факультетінің студенті А. Өмірзақова қатысты.

Шара соңында Архив директоры Б.Ә. Жапаров профессор Миклош Кунды Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне шақырды.

15 ноябрь директор Архива Президента Республики Казахстан Б.А. Джапаров принял участие в мероприятии Генерального консульства Венгрии в г. Алматы «60-летие революции в Венгрии», которое было организовано совместно с Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

С приветственными словами к студентам и преподавателям КазНУ им. аль-Фараби обратились посол Венгрии в Республики Казахстан господин А. Барани и директор Архива Президента РК Б.А. Джапаров.

В рамках программы мероприятия был показан документальный фильм «Играем спокойно» о событиях в Венгрии в 1956 г. Профессор Миклош Кун выступил с докладом «О революции 1956 года». В обсуждении данной темы приняли участие профессора Г.К. Кокебаева, Г.Р. Дадабаева, С.М. Машимбаев и студентка факультета истории, археологии и этнологии А. Омирзакова

По завершении мероприятия директор Архива Б.А. Джапаров пригласил профессора М. Кун посетить Архив Президента РК.



16 қарашада ҚР Президентінің Архивінде «Мәңгілік Ел» қайраткерлері: ақын Ғалым Жайлыбай» тақырыбында белгілі ақын Ғ. Жайлыбаймен шығармашылық кездесу өткізілді.

Кездесуге Ғ. Жайлыбайдың үзеңгілес әріптестері, белгілі ақындар – Құныпияұлы Кәдірбек, Бегманов Қасымхан, Қайран Әбубәкір келді. Олар ақынның шығармашылығы мен азамат ретіндегі ерекше қырларын әңгіме етті.

Ғ. Жайлыбай Ұлы Отан соғысының әскери тұтқындары мен саяси қуғындалған ұлт зиялылары қамалған КарЛАГ-та тұтқындардың жан азабы мен тән азабы туралы жазылған «Қара орамал», 1930-шы жылдары осы лагерді салуға жер босату үшін Жаңаарқа ауданының аумағындағы Түгіскен деген жерден Шу өзені бойына күштеп көшірілген бір қауым ел туралы жазылған «Тамақөшкен» поэмалары туралы қызықты ақпаратпен бөлісті.

Кездесу соңында Б. Жапаров ақынға оның баға жетпес шығармашылығы, ерен еңбегі үшін алғыс білдіріп, оған зор денсаулық пен жаңа шығармашылық табыстар тіледі.





18 қарашада ҚР Президентінің Архивінде Жас архивистер кеңесінің ұйымдастыруымен Венгриялық тарихшы-ғалым, профессор Миклош Кунмен кездесу өтті. Шара ҚР Президенті Архивінің 2016 ж. арналған Медиа-жоспарына сай жоспарланған «Архив және қоғам: Тәуелсіздік құндылықтары» тақырыбындағы

жетекші ғалымдар және қоғамтанушылармен кездесулер циклы аясында өткізілді. Кездесу басында Венгриядағы 1956 ж. революция туралы «Играем спокойно» деректі фильмі көрсетілді.

Профессор М. Кун 1956 ж. Венгриядағы революция мен одан кейінгі елдегі орын алған тарихи оқиғаларға мазмұнды шолу жасады.

Кездесуге Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих факультетінің студенттері мен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкерлері қатысты.

Кездесу соңында Архив директоры Б.Ә.Жапаров екі елдің осы күнге дейінгі дипломатиялық, мәдени қарым-қатынастарына тоқталып, екі ел арасында архив саласы мен тарихшылар арасында да байланыстың нығая түсетініне сенім білдіретінін атап өтті.



18 ноябрь Советом молодых архивистов Архива Президента РК в рамках цикла встреч с учеными и обществоведами «Архив и общество: ценности Независимости» организована встреча с известным венгерским ученым-историком, профессором М. Куном.

В начале встречи был показан документальный фильм «Играем спокойно» о событиях в Венгрии в 1956 г., авторы сценария фильма М. Шмидт,

Г. Таллаи, режиссер Ф. Терек.

В своем выступлении профессор М. Кун подробно остановился на событиях в Венгрии 1956 г.: причины массовых вступлений, требования и лозунги протестующих, действия венгерского руководства, реакция советских властей и т. д. Эти вопросы изучены ученым, и он продолжает дополнять новыми фактами свои научные работы. М. Кун подчеркнул значение архивов и архивистов для истории и историков: «Благодаря архивистам, благодаря Вашей работе мною написано столько книг».

Участники мероприятия – студенты КазНПУ им. Абая и сотрудники Института истории и этнологии имени Ч. Валиханова поблагодарили профессора М. Куна за интересную лекцию, Генерального консула Венгрии в г. Алматы Ф. Блауманна за предоставленный фильм, Архив Президента РК за организацию встречи.

Для венгерских гостей была проведена экскурсия по Архиву, они ознакомились с процессами оцифровки архивных документов для создания Электронного архива, посетили читальный зал и библиотеку Архива.



25 қарашада ҚР Президентінің Архивінде қазақ зиялыларының жарқын өкілдерінің бірі, 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысының ардагері, ғалым, партизан-жазушы

Тоқтағали Жангелдиннің дүниеге келгеніне 100 жыл толуына орай Дөңгелек үстел және тарихи-құжаттық көрменің ашылуы өткізілді. Дөңгелек үстел барысында әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің баспаханасынан «Өнегелі өмір» айдарымен шығарылған «Тоқтағали Жангелдин» кітабының (құрастырушылар: Б. Жапаров, Е. Жангелдин, Ө. Сүлейменова) тұсаукесері өтті.



25 ноября в рамках мероприятий, посвященных 25-летию Независимости Казахстана, в Архиве Президента РК прошел Круглый стол и открытие историко-документальной выставки, посвященной 100-летию ветерана Великой Отечественной войны, известного государственного и общественного деятеля, ученого, писателя Токтағали Жангельдина.

На Круглом столе состоялась презентация книги «Токтағали Жангелдин» (составители: Б. Жапаров, Е. Жангельдин, А. Сулейменова), изданной Казахским национальным университетом им. аль-Фараби в серии «Өнегелі өмір».



25 қарашада Астана қаласында ҚР Президенті Архиві мен ҚР Сыртқы істер министрлігінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «Тәуелсіздік туы астында» тарихи-құжаттамалық көрмесінің ашылуы өтті.

Көрме экспозициясында Қазақстан Республикасының заңдарының мәтіндері, ҚР Президентінің Жарлықтары, ҚР Президентінің жасаған баяндамаларының мәтіндері, ҚР Президентінің сыртқы саясат бойынша хаттары, әр түрлі елдердің мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткерлерінің хаттары, құттықтаулар және басқа да ресми құжаттар қойылды.



25 ноября в Министерстве иностранных дел Республики Казахстан состоялось открытие историко-документальной выставки «Под стягом Независимости», организованной Архивом Президента РК и Министерством иностранных дел РК и посвященной 25-летию Независимости Казахстана.

На выставке были представлены тексты законов РК, указов Президента РК, выступлений Президента РК, документы эпистолярного жанра Президента РК, государственных, общественных деятелей

разных стран, по внешнеполитическим и иным вопросам, поздравительные письма и другие официальные документы.



28 қарашада ҚР Президенті Архивінде Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Еңбек Ері, 1970–1984 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған, мемлекет және қоғам қайраткері Б.Ә. Әшімовке арналған Н.С. Колинконың «Реквием» кітабының тұсаукесері өтті.

Іс-шараға Б. Әшімұлының достары мен үзеңгілестері, қоғам қайраткерлері, Алматы қаласы ЖОО студенттері қатысты.

Іс-шара соңында Б. Әшімовтың жеке құжаттарын ҚР Президентінің Архивіне мемлекеттік сақтауға қабылдау туралы келісім жасалды.

28 ноября в Архиве Президента РК состоялась презентация книги писателя, почетного журналиста Казахстана Н.С. Колинко «Реквием» о выдающемся государственном деятеле Б.А. Ашимове, в 1970–1984 г. возглавлявшем Совет Министров Каз ССР.

В презентации приняли участие соратники и друзья Б. Ашимова, общественные деятели, студенты вузов г. Алматы.



С семьей Б.А. Ашимова заключен договор о приеме на государственное хранение его личных документов, которые будут востребованы многими поколениями исследователей истории Казахстана.



29 қарашада ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай ҚР Президенті Архивінде Алматы қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Елбасының мемлекеттіліктің қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі» тақырыбындағы қалалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Конференцияның ұйымдастырушысы – «Ұлыс» ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық қоры болды. Сондай-ақ бұл іс-шараға Қазақстан Республикасы Президенті Архиві мен «Алматы қалалық музейлер бірлестігі» КМҚК мекемесі де атсалысып отырды.

Конференцияға республикамыздың ғалымдары мен зерттеушілері, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының қызметкерлері, жетекші заңгер-ғалымдар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқытушылары, PhD докторанттары мен магистранттары қатысты.

Іс-шара аясында конференцияға қатысушы-студенттер «Қазақстан Республикасында президенттік институттың қалыптасуы» және «Тоқтағали Жангелдин – 100 жыл» атты тарихи-құжаттық көрмелерімен танысты.



29 ноябрь при поддержке Акимата города Алматы, Управления внутренней политики города Алматы в Архиве Президента РК состоялась научно-практическая конференция «Роль Главы государства в становлении и укреплении государственности», посвященная Дню Первого Президента РК. Организатор мероприятия общественный фонд «Научно-исследовательский центр «Улыс». В подготовке и проведении активное участие приняли Архив Президента РК и ГККП «Объединение музеев города Алматы».

В конференции участвовали ученые и исследователи, сотрудники научно-исследовательских институтов и центров, ведущие юристы-ученые, представители политических партий и общественных объединений, а также преподаватели, доктора PhD и магистранты ВУЗов.

В рамках мероприятия студентам были представлены историко-документальные выставки «Становление института президентства в Республике Казахстан» и «Тоқтағали Жангелдин – 100 жыл».



29 қарашада Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығы және Алматы қаласының 1000 жылдығына орай ҚР Президенті Архиві қызметкерлерінің және тарихшы ғалымдардың қатысуымен «Алматы – Алаштың айнасы» атты тақырыпта Дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел жұмысын университеттің Тәрбие ісі жөніндегі проректоры, с.ғ.д., профессор Ж.Е. Ішпекбаев ашып берді. Архив қорларын сақтау және мемлекеттік есепті қамтамасыз ету басқармасының басшысы Г.О. Бекішева «Алматы тарихы – Қазақстан Республикасы Президенті Архиві құжаттарында» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар Дөңгелек үстел жұмысына сарапшы Ж.К. Өзбеков қатысты. Жиын Алматы тарихына қатысты. Олар: «Әлем тарихы» кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Ғ. Әзімбаев, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті А.Ә. Нуржанов, докторанттар, магистранттар және 1–2 курс студенттері қызықты баяндамалар жасалды.



29 ноября в Казахском Национальном педагогическом университете им. Абая с участием сотрудников Архива Президента РК и ученых-историков прошел **Круглый стол** на тему «Алматы – Алаштың айнасы», приуроченный к 25-летию Независимости Республики Казахстан и 1000-летию города Алматы. Открыл работу Круглого стола проректор университета по воспитательной работе, профессор Ж.Е. Ишпекбаев. С докладом на тему «История города Алматы в документах Архива Президента Республики Казахстан» выступила руководитель управления обеспечения сохранности и государственного учета архивных фондов Г.О. Бекишева. Также в работе Круглого стола принял участие эксперт Ж.К. Узбеков. С разными интересными докладами выступили д. и. н., профессор кафедры «Мировая история» Г. Азимбай, доцент кафедры «История Казахстана» А.А. Нуржанов, докторанты, магистранты и студенты 1–2 курсов исторического факультета.



8 желтоқсанда ҚР Президентінің Архивінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «Қазақстанның жасампаздық және жетістік жолы» тақырыбында тарихи-құжаттық көрме және дөңгелек үстел өткізілді. Шараның мақсаты - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктерін насихаттау мен дәріптеу. Көрмеде Президент Архивінің қорынан Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасу тарихына қатысты заңнамалық және нормативтік құжаттардың түпнұсқалары, стратегиялық жоспарлар және Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының құжаттары, Тәуелсіздік тарихынан фотохроникалар ұсынылды. «Қазақстанның жасампаздық және жетістік жолы» Дөңгелек үстел барысында «Тәуелсіздік жылнамасы» атты ҚР Президентінің Телерадиокешені ұсынған деректі фильм көрсетілді. Өз баяндамаларын ҚР ҒБМ ҒК-нің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Х.М. Әбжанов, ҚР-ның БҰҰ-дағы тұңғыш тұрақты өкілі, Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі (1989–1991), тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Арыстанбекова және т. б. оқыды.



8 декабря в Архиве Президента РК в честь 25-летия Независимости РК прошла историко-документальная выставка и **Круглый стол** на тему: «Казахстанский путь созидания и успеха!». Цель мероприятия – широкое освещение и пропаганда достижений страны за годы суверенитета во главе с Первым Президентом РК – Лидером Нации Н.А. Назарбаевым. На выставке были представлены оригиналы законодательных и нормотворческих документов по истории становления Независимости Казахстана, стратегические планы, документы внутренней и внешней политики Казахстана, фотохроники из истории Независимости.

Во время Круглого стола «Казахстанский путь созидания и успеха!» был показан документальный фильм «Хроника Независимости», предоставленный Телерадиокомплексом Президента РК. С докладами выступили директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор член-корр. НАН РК Х.М. Абжанов, первый Постоянный представитель Республики Казахстан в ООН, в 1989–1991 г. министр иностранных дел КазССР, доктор исторических наук, профессор А.Х. Арыстанбекова.



14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай ҚР Президентінің Архивінде салтанатты жиналыс болды.

Архив директоры Б.Ә. Жапаров жиналысқа қатысушы әріптестерін Тәуелсіздіктің 25-жылдығымен құттықтай отырып, осы жылдың Архив үшін ерекше болғанын атап өтті. Қазіргі таңда ҚР Президентінің Архиві еліміздің архивтері арасындағы көшбасшы болып отыр, осындай жетістікке жетуіміз Архив ұжымының арқасында.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған ерекше сый – Жас архившілер кеңесі мүшелерінің орындауындағы «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің әнұранының» тұсаукесері болды.

ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері Е.А. Салғараев пен А.М. Хабибуллаеваның мемлекеттік қызметкер санатына өтуіне орай салтанатты ант қабылдау рәсімі өткізілді.

Салтанатты жиын барысында Архивтің бірнеше қызметкерлері «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен, ҚР Президенті Әкімшілігінің Жалпы бөлімінің меңгерушісі М.Х. Жақыповтың Алғыс хатымен және Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаровтың Алғыс хатымен марапатталды.

14 декабрь в честь 25-летия Независимости Республики Казахстан состоялось торжественное собрание в Архиве Президента Республики Казахстан.

Открывая собрание директор Б.А. Джапаров отметил, что юбилейный год стал действительно особенным для Архива. Сегодня Архив Президента РК – лидер среди казахстанских архивов. И в этом заслуга всего коллектива.

В честь 25-летия Независимости Республики Казахстан состоялась премьера песни «Марш Архива Президента», которую исполнили члены Совета молодых архивистов.

Сотрудники Архива Президента РК Е.А. Салғараев и А.М. Хабибуллаева приняли присягу государственного служащего.

Во время торжественного собрания ряд сотрудников Архива были награждены медалью «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл», благодарственным письмом заведующего Общим отделом Администрации Президента РК М.Х. Жакыпова, благодарственным письмом от имени директора Архива Президента РК Б.А. Джапарова.